

ЖІНС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы

«Бекітемін»

Менгерушісі:

С.Д.Ербатырова

**«Еркетай» ересек тобының
ата-аналармен
ұйымдастырылған жұмыс
жоспары**

2024-2025 ж.

«Бекітемін»
ЖШС «С.О.Қ» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатыров



2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен ұйымдастырылған жұмыс жоспары

№	Мерекелік іс-шаралардың атауы	Жауаптылар
	Қыркүйек	
1	«1 Қыркүйек - Білім күні» (Менің балабақшам) атты мерекелік баяндама	Тәрбиешілер
2	<i>Ата-аналар жиналысы</i> 1. Жаңа оқу жылына дайындық, балалардың төл құжатын және ата-аналар мәліметі 2. «Ата-аналарға анкета. Адаптация» жинақтау.	Тәрбиешілер
3	«Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес беру.	Тәрбиешілер
4	«Балабақша –біздің үйіміз» Баяндама	Тәрбиешілер
5	<i>Ата-аналар жиналысы</i> <i>Ата-аналарға арналған сауалнама</i>	Тәрбиешілер Ата-аналар
	Қазан	
6	«Алтын күз» жәрмеңкесі	Тәрбиешілер
7	«Республика күні» тәрбие сағаты	Тәрбиешілер
8	«Әжелер мектебі» тәрбие сағаты	Тәрбиешілер
	Қараша	
9	Ата-аналарға кеңес «Желшешек-ветрянка»	Медбике кеңесі
	Желтоқсан	
10	«Тәуелсіз елім – Қазақстан» тәрбие сағаты	Тәрбиешілер

11	«Қызыл телпек Жаңа жыл төрінде» атты ертеңгілік	Тәрбиешілер
	Қаңтар	
12	«Сактаныңыз, Тұмау» Ата-аналарға арналған кеңес	Медбике кеңесі
13	«Алтын сақа» ертегісі	Тәрбиешілер
14	«Не дәмді» ертегісі	Тәрбиешілер
	Ақпан	
15	«Ойын арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіру» кеңес	Тәрбиешілер
	Наурыз	
16	8 наурыз мерекесіне арналған «Ана – аса қымбатты жан» атты ертеңгілік	Музыка жетекшісі
17	Қазақтың ұлттық ойындары	Тәрбиешілер
18	«Армысын Наурыз!» атты ертеңгілік	Тәрбиешілер
	Сәуір	
19	«Табиғатты аялайық» тақырыбына кеңес	Тәрбиешілер
	Мамыр	
20	7 Мамыр – «Әскер әліміз, армия абыройымыз»	Тәрбиешілер
21	9 Мамыр – «Ұлы жеңіс жасасын!»	Тәрбиешілер
22	15 – мамыр «Отбасы күні» балалар сурет көрмесі	Тәрбиешілер, Ата-аналар

Бекітетін
ЖШС «С.О.К.» «Алматы» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова



1 Қыркүйек – Білім күні

«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

1 Қыркүйек - Білім күні (Менің балабақшам)

Тақырыбы: 1 Қыркүйек - Білім күні (Менің балабақшам)

Максаты: Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туган елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Жылулық шеңбері.

Жаңа қадам жасадым,
Қош болып тұр, бөсігім.
Мен қуанып ашамын,
Балабақша есігін.

Кіріспе әңгіме:

Естігенде көк аспанның астында,
Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.
Бар қазақтың үніндей шарықта,
Шарықташы, Әнұраным, шарықта! *Мемлекеттік әнұранды орындау.*

Сергіту сәті:

Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.

Бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі күн біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша қалықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді). Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін есендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын!

Бекітемін
ЖШС «С.О.Қыдырма» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова



Балаларды балабақшаға бейімдеу
кеңес беру
«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Балаларды балабақшаға бейімдеу

Бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек.

«Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек»
(тәрбиешілерге арналған ақыл - кеңестер, ұсыныстар)

Бейімделу кезінде балада болатын психоэмоциональды қысымның белгілері

1. Ұйқыға жатқысы келмеу
2. Бұрып көрмеген, іс - әрекеттерден шаршау
3. Себепсіз ренжігіштік, жылағыштық немесе ызақорлану
4. Зейіні тұрақсыз, ұмытшақтық
5. Аландаушылық
6. Өзіне сенімсіздік
7. Қырсықтық таныту
8. Ұдайы саусақ сорғыштық
9. Қарым - қатынасқа түсуден қорқу
10. Бұрын байқалмаған, түскі және түнгі ұйқыда зәр шығару

Жоғарыда аталғандардың бәрі баланың психоэмоционалды күйзелісте екенін көрсетеді, тек алдын осындай белгілер байқалмаған жағдайда ғана.

Балалардың өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру

Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі – балада өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс - әрекеттерді орындау қажет:

1. Балаларды бір - бірімен таныстыру, бір - біріне жақындастыру;
 2. Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
 3. Топпен және балабақшамен танысу;
 4. Балабақша қызметкерлерімен танысу;
- Осының барлығы, яғни айналамен таныстру ойын түрінде жүргізілуі тиіс.

Балаларды бір - біріне жақындастыруға бағытталған ойындар

1. Кел, танысайық!

Балалар тәрбиешімен бірге шеңберде тұрады. Тәрбиеші қолына доп (доп жеңіл, әдемі болуы керек) алады. Бала допты қағып алып, өзінің атын айтып, келесі балаға береді, ойын осылай жалғасады.

2. Көпіршіктер!

Балалар орындықта жартылай шеңбер болып отырады. Тәрбиеші бір баланың жанына барып «Сенің атың кім?» атыңды қатты дауыспен барлығы есітетіндей етіп айтшы деп сұрайды!» Бала өзінің атын айтады. Тәрбиеші баланың атын қайталап, қолынан ұстап, келесі балаға келеді, осылай барлық

бала кезекпен бір - бірінің колдарынан ұстап тәрбиешімен жүреді. Алдымен ойынға құштарланып тұрған балаларға барған жөн. Егер бір бала ойнағысы келмесе кинаудың қажеті жоқ. Олар ойынды бақылап отырып, ойынға қызығып өздері ойынға қосылады.

Балалар үлкен шеңбер болады. Тәрбиеші, «қараңдаршы бізде қандай үлкен көпіршік сияқты шеңбер пайда болды! Қараңдаршы, біз қалай көппіз.- Ал енді кішкентай шеңбер жасаймыз».

Балалар тәрбиешімен тығыз шеңбер жасап, көпіршікті үрлей бастайды.

3. «Кімнің дауысы?»

Балалар жартылай шеңбер жасап отырады, ойын бастауға бір бала шығып, балалардың артында тұрып бір баланың атын атайды, балалар кім екенін табады. Ойын осылай жалғасады.

Балаларды балабақшаға бейімдеу барысында балаларды балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлермен таныстыру мақсатында ойындар жүргізу керек. Әр баланы таңертеңгі қабылдауда жылы қабақпен қабылдау. Ата - анамен тығыз байланыста болу.

Бекітемін:
ЖШС «С.О.Ж.» «Домаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Балабақша - біздің үйіміз
баяндама
«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

«Балабақша -біздің үйіміз» баяндама

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал- мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты. Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі — бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге — құрмет, кішіге - ізет» деген мақал — мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін тугызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз – өзіне қызмет ету;

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір- біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу.

Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажет ермек саз, тактайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді копсыту, шөптерін жүлу, ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету. Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 - 3жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, бәрі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым. Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс - қимылы, балалармен, үлкендермен қарым – қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым - қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата - анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады. Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай ағамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата - анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан». Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың

онерлерінде, әдет - гүрпында. Ор адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бада бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Тәрбиенің алтын бесігі - балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!

Бекітемін
ЖШС «С.О.К.» «Мұныш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Ата-аналарға арналған сауалнама

«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Ата-аналарға арналған сауалнама

«Сіз қандай ата-анасыз?»

Кез-келген іс-шіді тастай салып баламен айналыса аласыз ба?

Балалардың жасына қарамай, сонымен ақылдаса аласыз ба?

Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?

Өзіңіздің қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?

Балаңыз жасаған іс ашуландырған кезде өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?

Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?

Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?

Балаңыздың жүрегін жарақаттай алатын сөздерлі, сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?

Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып уәденізді орындайсыз ба?

Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күндік еркіндік бересіз бе?

Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе, көңіл аулармайсыз ба?

Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі екенін білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?

Ата-аналар жиналысы



Ересекке *"Еркетай"* тобында өткізген ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №1

Қатысқан ата-аналар саны: - 15

Қатыспаған ата-аналар саны:15

Қолымыздағы кубикті лақтырып ұлттық оюлармен өту.



Ата-аналармен сәлемдесіп аламыз!

Қаралатын мәселелер:

1. «Баланың басты ұстазы Ата-Ана» ата - аналарға балабақшаның жылдық мақсатымен, күн тәртібімен таныстыру. Ата – аналар комитетін сайлау. \Тәрбиеші Болатова Р.Б Темирбаева Ү.Қ
2. «Балабақшамен ата ананың бірлігі» баяндама.
3. \Тәрбиеші Болатова Р.Б Темирбаева Ү. Қ
4. Ата - аналармен тренинг. \психолог \

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Темирбаева Үзіл Қуановна Болатова Райхан Болатқызы сөз бастады.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар біздің «Димаш» бөбекай балабақшамызға қош келдіңіздер! Сіздерден өтініш орындарыңыздан тұрып бір - бірімізбен танысу шеңберіне келсеңіздер.

Қолымызға жүрекшені алып, барлығымыз бір бірімізге ыстық лебіздерімізді айтып отырыңыздар.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиелеудегі міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы.

2024-2025 оқу жылының міндеттемелері

1. "Денсаулық" саласы:

Міндеті: Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында денешынықтыру

жаттығуларын саналы түрде түсініп, меңгеруін және қимыл-

қозғалыс дағдыларын дамыту.

2. "Қатынас" саласы:

Міндеті: 1. Балалардың тілін дамыту жұмысын, дидактикалық ойындар мен

театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту.

2. Балаларды өз құрбыларымен және үлкендер мен дұрыс қарым-

қатынас жасауға үйрету жұмысын жалғастыру.

3. Балалардың қызығушылық қабілетін ойындар арқылы дамыту.

Танертеңгі 08-00-ден бастап кешкі 18-30-ге дейін бала тәрбиешінің қарауында болады.

Балабақшадағы бала тәрбиесінің күн тәртібі 13-сағатқа шамаланған.

Ата-аналарды күн тәртібі мен таныстыру, ондағы ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері бойынша мағлұмат беру. Білім салалары мен білім бөлімдерін толық таныстыру.

Ата аналармен жүрек жарды жылы лебіздері.



Мейірбеке: Ардақ Салмағанбетова Дарабал жөнінде кішкене мағұлматы.

Ендігі мәселе: Ата-аналар арсынан өз өтініштерімен ата-аналар комитетін сайлайық. Ата-аналар өзара келісе отырып ата-аналар ұйымын сайлады, олар:

1. Маукенова Гульманат Шабанқызы
2. Сергеева
3. Танирбергенова Гульмира Амангелдиевна

Екінші мәселе бойынша оқулықтар қажеттілігі жайлы тәбиеші Темирбава Үзіл Қуановна Болатова Райхан Болатқызы «Балабақшамен ата - ананың бірлігі» тақырыбында баяндама оқыды.

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы\ өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі , ұрпақ тәрбиесі келешегін берік ететін басты фактор болып саналады. Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру \ қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттердің бірі. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік кұрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне

айналды. Қазақстан Республикасының \\\\\\жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген.

Баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы. Бала тәрбиесі ана сүтінен бастап , өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс . Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып , балабақшамен

Ата аналармен көңілді ойын қолғаппен:



Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналар балаларды таңертең балабақшаға уактылы алып келу.
2. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
3. Ата –аналармен ойын.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Темирбава Үзіл Қуановна
Болатова Райхан Болатқызы





«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова

«Республика күні»

Тәрбиеші: Темирбаева У

"Менің Отаным-Қазақстан!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстан шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеншілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында "Туған елім - Қазақстан" әні шырқалады.

Ән: «Туған елім Қазақстан!»

Тақпақтар: Республика күні
Мерекеміз мерейлі
Тақпақ айтып жаттаймыз
Тақылдатып көмейді
Муслим
Республика күшімен
Құттықтаймыз сіздерді
Құтты болсын қазағым
Қуанатын күнің ең
Инабат

Республика күнінде
Өн айтамыз билейміз
Қайғы жұтып алаңдап
Мұнайуды білмейміз

Мұхаммед

Балалармыз бақытты
Мерекені тойлайтын
Республика күнінде
Бар жақсыны ойлайтын

Али

Мен бақытты баламын
Айтқан тілді аламын
Республика күнінде
Жұлдыз болып жанамын

Бибінуір

Жүргізуші:- Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтыңдаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады?

Балалар- Киіз үй деп айтамыз. *(кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.)*

Жүргізуші:- *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойыны ұсынамын.

Ойын: «Киіз үй»

Жүргізуші:- Сән — салтанат жасайық,

Күйсандықты ашайық.

Бұл мереке, бұл тойға,

Бимен шашу шашайық – деп ортаға бәбекжай бақшамыздың биші қыздарын шақырамыз.

Би: "Қазақша"

Тақпақтар: Республика күні бұл

Шаттығымды көбейтер

Қазағымның әні бұл

Тынысымды кеңейтер

Ақгул

Құтты болсын қазағым

Республика күні бұл

Мерейліде тәуелсіз

Қазағымның үні бұл

Бибінуір

Республикам жасай бер

Атар таңың бақ сыйлап

Тәуелсіз ел жасай бер

Қуанышты күй сыйлап

З.Медина

Республика ғажабым

Артсын данқын ажарын

Қазақ елі жанданып

Таусылмасын базарын

Алинур

Сен деп соғады жүрегім

Республика күні бұл

Құтты болсын гүл елім

Көңілімнің нұрысын

Сен деп соғады жүрегім

Ясина

Жүргізуші: - Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсін», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы мақалдар білеміз бе?

Отан елдің анасы,

Ел ердің анасы.

Отан қадіріне жетпеген

өз қадіріне жетпейді.

Отан от басынан басталады.

Отан оттан да ыстық,

жалыны бар шоктан да ыстық.

Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

Отансыздың оты жанбайды.

Отан үшін еңбек етсең
халқыңның сүйген ұлы боласың.

Отан үшін күрес — елге тиген үлес.

Жүргізуші: - Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!-

_____ орындауында жеке ән "Мен бақытты баламын" әнін қабыл алыңыздар.

Жеке ән: "Мен бақытты баламын"

Жүргізуші: - Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз! Сау болыңыздар!!!!

(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)



"Еркетай" ересек тобы
"25 қазан Республика күні"



«Бекітемін»
ЖПС «С.О.К» «Димаш» бобекжайы
Меңгерушісі:
С.Д.Ербатырова

«Әжелер мектебі»

Тәрбиешілер: Темирбаева У

Болатова Р

2024-2025жыл

Тақырыбы: «Әжелер сөзі – ақылдың көзі»

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Бесік жырын құлаққа сіңіре өскен бала болашақта өз баласына да махаббатын бере алады.

Сайысқа қатысушылар: әже мен балалар.

Сайыстың өтетін орыны: **Димаш балабақшасы.**

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті қонақтар, Әжелер, аналар, сүйкімді қыздар!

Өмірдің иесі сен, ғазиз Ана.

Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілті сонда ғана.

Осы әдемі жыр жолы адамның Анаға айтар лебізі- деп, біздің балабақшамыздың, асыл әжелері мен қыздарының өнерін үлгі етуге арналған **«Әжелер сөзі – ақылдың көзі»** ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Бізге тілекші боп жүретін, қуанышымызға ортақ бола білетін,

_____ балапанымыздың

асыл әжесі, ардақты әже _____ әжейді қарсы алыңыздар!

Өзі сондай әдемі, күндей күліп жүреді, _____ немересімен _____ әжені қошеметпен

қарсы алайық!

Немере қамын ойлай жүретін балажан әже _____ күн әжесі, нұр әжесі, асыл әжесі _____ әжені ортаға шақырамыз!

Қашан көрсең де шаршамайтын, бір әулеттің сыпайы да сырбаз әжесі _____ немеренің әжесі _____ әжейді құрметпен қарсы алайық!

Жүргізуші:

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Қызықтан тыс қалмаңыздар.

Бүгін біздің үйде дүбірлі той,

Ден қойып тыңдаңыздар, көңілді ғой...

Жырдан шашу шашылсын, күй күмбірлеп,

Әже менен қыз бала тойы басталмақшы,

Ал, халайық ендеше, сергісін бой!-деп и **«Ана туралы жыр»** әнімен ашайық. Осы әніміз сіздердің құрметтеріңізге арналады аналар!

Жүргізуші:

Әже біздің күніміз,

Әженің біз гүліміз.

Балаларды қуанып,

Ұзақ өмір сүріңіз,-дей отырып, **ұршық иіру** өнерлерін тамашалайық.

Жүргізуші:

Менің әжем, гүл әжем,

Алтын әжем, күн әжем,- дей отырып, **жүн наски тоқу.**

Жүргізуші:

Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді ол кісі,
Қандай ғажап күлкісі-дей отырып, тары
Музыка әуенінде күй «Еркесылқым»

Жүргізуші:

Қазақтың түрлі-түсті дәстүрі бар,
Оның сырын ашқанға жұрт қызығар.
деп **тұсау кесу** рәсімі.
Қазақтың ежелден келе жатқан салт дәстүрлерінің бірі тұсау кесу, тұсау
кесуші әже баланың аяғына ала жіп байлап;
Қаз қаз юалам қаз балам
Қадам басаң мез болам
Күрмеуінді шешейін
Тұсауынды кесейін деп тұсау кесіледі.

Жүргізуші:

Қазақ халқы баласын қалай тәрбиелеген деп ойлайсың,?
Үлкенге үнемі сәлем бер, қарсы шықпа, үлкеннің алдын кесіп өте
шықпа, сөзін бөлме, батасын қабыл ал, ренжітпе.
Ауылыңда қария болса,
Жазып қойған хатпен тең.
Көрі, көрінің сөзі дәрі.

Ақылды қария – ағып жатқан дария.

Өткен менен кеткенді,

Көп жасаған қарт білер – деп құртың жасалу жолдары.

Сықпа құрт: Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған
айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әртүрлі үлгімен бөлшектеліп
кептіріледі.

Жүргізуші:

Енді ортаны ашайық,

Інжу-маржан шашайық.

Күй мен биді шалқытып,

Ән маржанын шашайық, – деп биге кезек берейік.

-.Жүргізуші:

«Салт-дәстүрім қазынам»-атты бесікке салу рәсімі.

Жүргізуші:

Ендеше, әжелеріміздің немерелеріне көрсететін ұлттық тәрбиенің
негізгі арқауы «Салт-дәстүрім қазынам»-атты бесікке салу рәсімін
бастайық.

Әжелер баланы бесігінің әр затына тоқталып, түсіндіре отырып
баланы бесікке бөлейді. Бесік жыры барлық әже, қыздарымызбен
орындалады.

Мәселен ел арасында көп айтылатыны:

Әлди-әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Әй-әй бөпем, әй бөпем.
Ән айтайын, бал бөпем.
Ән тыңдағын келсе егер,
Және айтайын, жан көкем...
Бөпем менің ай ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ойнақтап бір бәйгіден
Озып келер тай ме екен?
Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем,
Бармақтарын майысып,
Түрлі ою ойысып,
Шебер болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдап,
Сөзіңді жұрт мақұлдап,
Шешен болар ме екенсің? – сынды түрлі нұсқалары айтылады.
(Бесікке баланы бөлеуді көрсеткеннен кейін әжелер бесікке салу ырымдырын береді)

Жүргізуші:

Бесік тәрбиесі-бүкіл ұлттық тәрбиенің негізгі арқауы. Халқымыздың атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып келе жатқан қасиетті бұйымдарының бірі – бесік. Бесікті киелі деп есептеген. Оны өзге жанның ұстамақ түгіл қол тигізуге дәті бармаған. Ұйықтап жатқан ұлының бесігін тербетуге қарсылық білдіріп, оны қызғыштай қорғауының мәні осында жатыр. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» демей ме ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов.

«Жақсы сөз, жарым ырыс»- деп бата беру рәсімі.

Жүргізуші:

«Батасыз құл жарымас, баталы құл арымас»-деп әжелеріміздің осындай тамаша рәсімі жалғасын таба берсін деген ниетпен үлкендерімізден бата сұрайық. Әжелердің үлкені бата береді.
Жас ұрпақ өмірлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын,
Ата-анаға мейірлі болсын
Ағайын-туысқа пейілді болсын.
Өнеге-білімге зейінді болсын,
Он саусағы майысқан шебер болсын,
Ел қорғайтын батыр болсын
Шындықты айтар ақын болсын.

Халқым деген жүрегі болсын
Жұртының қамқор тірегі болсын.
Абыройы өрлесін
Ел алдында ерлесін
Жаманшылық көрмесін!Өумин.



Бекітемін
ЖШС «С.О.К.» «Диман» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Желшешек - Ветрянка
кеңес
«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбасва У.К.
Болатова Р.Б.

Ата-аналарға кеңес «Желшешек» – Ветрянка»

Торсылдақ (ветряная оспа) - жұқпалы аурулар қатарына жатады. Торсылдақ ауа арқылы жұғады. Яғни, ауырып жүрген кісімен бір бөлмеде отырғанда, сөйлескенде және т.б жағдайларда. Негізінен, ветрянка герпес вирусының үшінші типіне жатқызылады. Аурудың бұл түрін көбіне "сәбилер ауруы" деп те атайды. Олай аталуының басты себебі - басым жағдайларда бала кезде ауырады. Десе де, тек балалар ауырады деген сөз емес. Бұл ауру қай кезеңдерде қалай өтетіндігін және жалпы сипаттамасын алда талқыға салатын боламыз.

Айталық, сізге вирус жұқты делік, енді сізге ол қалай келуі мүмкін? Бұл вирус кез келген жерде жұғады. Мәселен, автобус, мектеп, балабақша және т.с.с орындардан. Бастапқы жұққан кезінде сіз оны сезбейсіз. Себебі, торсылдақ 12-14 күн аралығында ағзаңызда дамиды да, аталған уақыттан соң алғашқы белгілері біліне бастайды.

Белгілері:

- Бас пен дене қызуының жоғарылауы;
- Төбеттің азаюы немесе тіпті жоғалуы;
- Үнемі әлсіздікті сезіну;
- Көп ұйықтай беру;
- Қан қысымының төмендеуі;

Енді сіздерде осы белгілер пайда болған болса, және бірер апта бұрын осы вирусты жұқтырған адаммен сөйлескен болсаңыз, демек сізге де жұқты деген сөз. Тек шошымаңыз! Қорықпаңыз!


Не істеу керек? Бір-екі күндік әлсіздіктен соң бетіңіз не денеңіздің басқа да бөліктеріне жаралар шыға бастайды. Оны сіз безеумен шатастырып алуыңыз да мүмкін. Бірақ, ол барлық денені қаптайды. Одан да қорықпаныз.


Сәби торсылдақпен ауырса: Әдетте, бала кезде шығып кеткен жөн екен. Себебі, бала кезде ауру өте жеңіл өтеді де, сізде өмірлік иммунитет пайда болады. Екінші рет ветрянка болу - иммунитеттің өте әлсіз болған жағдайында, бұл өте сирек кездеседі. Бала кезде өте қатты ауырмайды және тез жазылады. Аурудың асқынып кетуінің мүмкін көрсеткіші өте төмен. Жара шыққан жерге марганцовка немесе зеленка ерітінділерін жағамыз. Суға түсіруге болмайды. Өйткені жағдайда торсылдақ қаптап кетеді. Суыққа шығуға тағы болмайды. Вирус ауада тез таралатыны мәлім. Өте көп мөлшерде сұйықтық берген жөн. Мейлі шырын, су, сорпа болса да. Балаға өз алдына ыдыс-аяқ, сүлгі секілді заттар беру. Бөлмені күніне бірнеше рет жуып отыру және бөлменің ауасын тазарту. Терезені біраз уақытқа ашып, желдетіп алыңыз. Айтқандай, ешқандай қорқыныш болмасын. Бұл барлық адамда болады. Және оның аса ауырлығы да жоқ. Тек қышып, мазаңызды кетіретіні болмаса. Сіз білесіз бе, тіпті шет елдерде ата-аналар карантинге жабуға

қарсы екен. Балаларының бала кезде ауырып кеткенін жөн көрген олар, арнайы жүктырып, ауыртып алады деседі. Содан-ақ бұл аурудан шошымай керектігін ескеріңіз.

Үлкендер ауырған жағдайда: Барлық ем-домдар барлық жасқа да бірдей. Тек үлкендерде бұл ауру сәл күрделірек формада өтеді. Ауырған күн ұзақса созылып, басқа ауруларды туындатуы да ғажап емес. Бірақ, барынша ертерек ауырғаныңызға қуаныңыз. Сәл кеш болса, бәлкім бұдан да ауыр болар ма еді? Үлкендерге зеленкадан бөлек, ацикловир таблеткаларын береді. 200/400 мг болатын бұл таблеткаларды дәрігер күніне 3-5 рет ішуге береді. Өте жақсы көмектеседі.

Есіңізде болсын: Зеленканың зияны жоқ. Ал, пайдасы - жарадан соң із қалдырмауға көмектеседі. Бірақ, ол торсылдақтың емі емес. Күнде жараларға жаға отырып, сіз жаңа жаралар шыққан-шықпағанын анықтап отырсыз. Осылайша, егер жаңа жара шықпаса, демек сіз енді ешкімге "қауіпті" емессіз. Далаға шығуға асықпағаныңыз дұрысырақ, десе де. Әлі толық жазыла қоймадыңыз. Жараларыңыз әлі кете қоймайды. Зеленка - индикатор есебінде қызмет атқарады. Бірақ, шыдамсыз, жанаяр адам болсаңыз, жағып қойыңыз. Қасып, тырнап тастаған жағдайда орнына із қалмайды.

«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
 С.Д.Ербатырова



Тақырыбы:
«Тәуелсіз елім-Қазақстан!»

«Еркестай» тобы

Тәрбиеші: Болатова Р

2024 жыл

Тақырыбы: «Тәуелсіз елім Қазақстан»

Мақсаты: Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, желтоқсан күрбандарын мәңгі есте сақтау; жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Қазақ елім, туды жастық дәуірің,

Алғандайсың жұлдыздардың жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын ағайын!

Тәуелсіздік құтты болсын, алыбым!

-Құрматті ата –аналар, қонақтар және балабақша бүлдіршіндері Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізіліп отырған «Тәуелсіз елім Қазақстан» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке.

Егеменді халқымның,

Болашағы бірлікте.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындаймыз.

Жүргізуші: Міне, Тәуелсіздік мерекесі де келіп жетті. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толады. Баршыңызды сол тарихы тереңде жатқан айтулы мерекесімен құттықтаймыз. Біз ата-бабамыздың аңсаған арманы орындалып, қазақ елінің Тәуелсіз Мемлекет атанып, көк туы желбіреген жұлдызды сәтін өз көзімізбен көруге жазылған ұрпақпыз. Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Бұл тәуелсіздік оңай келген жоқ. 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталды. 16-желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды,

Осы жолда аға-апаларымыз көп күресті. Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларыңды тани білiндер, олар: Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Қайрат Рысқұлбеков т.б

Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,

Бізге оны ешкім аяп бермеді.

Тәуелсіздік- Қайрат,Ләззат,Ерболдың

Тас көшеде, тас талқан боп өлгені.

-Осы тәуелсіздікке жетуімізге өз үлесін қосқан батырларымызды мәңгі жүрегімізде сақтаймыз.

Ойын: Теңін тап

Жүргізуші: Тәуелсіздік дегенде көңілден жыр-шумақтар ағытылар.Ендеше балалардың такпақтарын тындайық.

Али:

Тәуелсіздік аппақ таңым арайлы
Атсын әркез күнін нұры шырайлы
Ата бабам армысың аңсаған
Қолы жеткен бақ жұлдызы арайлы

Айлин:

Желтоқсанның қаны суық ызғарлы
Қалың жұртым қазағымды қорлады
Тәуелсіздік қолдаған жастардың
Отан үшін табандары

Муслим:

Бақыт құсы самғап ұшты көгімде
Қазақ деген ғажап халық қашаннан
Көк бөрінің ұрпағымыз тегінде

Алинур:

Бабамныңда арманы
Осы еді ғой аңсаған
Тәуелсіздік тандары
Бақ береді баршаға

Мухаммед:

Көк туымды қолыма
Бүгін берік ұстадым
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным

Мелина З:

Бейбітшілік күн жаса
Мейірімді асырып
Тәуелсіз күнін жүз жаса
Келенсіз күнді жасырып

Бибінуір:

Тәуелсіз тәубе екен бірінде
Тәуелсіз тәубе сенің барыңа

Тәуелсіз әр сәбидің үйінде

Ясина:

Егемен елдің біздер

Ұланымыз жас қанат

Апайларға сәлеміміз

Құттықтаудан басталады

О.Айзере

Жыр арнадым еліме тербірене

Үміт арнап елімің ертеңіне

Тәуелсіздік алғаны көп жыл болып

Отаным жылдан жылға көркеюде

Жүргізуші: 16 - желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн

Мерекеле ел қуанып

Шаттанып ән салған күн.

Ән: «Отан-Ана» топ балаларының орындауында

Би: «Шаңырақ» О.Айзере, Мунира, З.Медина, Айлин, Ясина, Халила, Акжібек, Гаухар.

Ойын: «Құрастыру» Ойынды шартына қарай ойнайды.

Хор: «Тәуелсіз Қазақстан»

Жүргізуші: Отаным Қазақстан –алтын бесік,


Ағайын, бар тілерім мен еліме.

Тұғырың мықты болсын Тәуелсіздік!

Мінекей ұлы жолға түсті келіп.

Осымен «Тәуелсіз ел Қазақстан» атты мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз.
Мереке құтты болсын, көріскенше сау болыңдар!

Тренд: Ту



«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бобекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова

«Қызыл телпек Жаңа жыл төрінде»

Тәрбиешілер: Темирбаева У

Болатова Р

2024-2025жыл

«Еркетай» тобы

«Қызыл телпек Жаңа жыл төрінде!»

Жүргізуші: Аппақ бүгін қыр далам

Ақ дастархан жапқандай.

Жаңа жылда айналам

Аппақ алқа таққандай деп құрметті ата-аналар, сіздерді

Жаңа жыл мерекелеріңізбен құттықтаймыз.

Ән: Жаңа жыл келді.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, қараңдаршы шыршамыз көңілсіз тұр екен ол үшін нестеу керек? Аяз ата мен Ақшақар шақыру керек қане балалар бәріміз дауыстап шақырайық.

Балалар: Аяз ата Ақшақар, Аяз ата Ақшақар, Аяз ата Ақшақар.

Аяз ата: Амансыңдарма ұлдарым

Амансыздарма қыздарым

Қандай көркем қырларың

Қандай әсем жырларың

Асулармен алыстым

Асау желмен жарыстым

Тойларыңа асығып

Өздеріңменен табыстым

Ақшақар: Салеметсіздерме балалар қандай әдемісіңдер сендер сендермен бірге ертегі әлемін бірге қарсыалайық.

Жүргізуші: Салеметсіздерме Аяз ата мен Ақшақар біз бәріміз сіздерді күттік шыршамыз өте әдемі бірақ шамдары жарқырамай тұр.

Аяз ата: Қандай әсем шыршамыз, шырша оттары жарқырасын десек үәне бәріміз бірге айтайық. Бір, екі, үш Қуант бізді таңырқат, шамдарыңды жарқырат. «Шырша шамдары жанады!»

Жүргізуші: Міне балалар шамдарымыз жарқырады,

Келіңдер балалар

Ертегімді тыңдаңдар

Ертегімді сан қилы

Қызық қызық сырлар бар

Ертегі басталады, өйткені бізге тағы да сиқырлы қыс

келеді.

Қызыл телпек қыз: Қандай ғажап қар жауды
Орман өте керемет
Мереке қарсанында әжеме
Мен бәліш алып барамын
Өзімнің сүйікті әнімді шырқаймын «деп зал
айналады»

Ән: Шыршаға бардық

Қасқыр: Менің жолымен кім жүрді? Бұл жерден бәліштерді кім
алып бара жатыр? Менімен бөліспей, мені қатты ашуландырып.
Сен қайда бара жатырсың? Себетіңде не бар?

Қызыл телпек: Мен қамыс тоғанына барамын, сол жерде әжем
тұрады.

Қасқыр: Ал себетте не бар?

Қызыл телпек: Сары май және бәліш, әжеме сыйға алып бара
жатырмын.

Қасқыр: Менде әжеге барайын үшінші күн қарным аш. «деп залда
жүреді.»

Қызыл телпек: Қыста орман әдемі
Жылда осылай келеді
Көп қуаныш береді
Шырша ойыншықтармен безендірілген.

Жүргізуші: Бұл жәй ойыншықтар емес, сыйқырлы
ойыншықтар. Қызыл телпек қыз бұл сыйқырлы ойыншықтардың
қалай билетінін тамашала.

Би: Айя, Мүнира, А. Медина, З. Медина, Айзере, Фатима, Бибінұр.

Жүргізуші: Балалардың өнері көңілді, күлкі сыйлайды.

Қызыл телпек қыз: Әуенмен зал айналып шығып Мен адасып
кеттім жол табалмай. Мен әжеме қалай жетемін? Отырып
жылайды. Шырша жанына барып.

Би: Санта клаус ұлдар

Жүргізуші: Менің әсем ұлпаларым

Маған ұшып келеді

Таң қалдырып өнеріне

Бәрі тақпақ айтып береді.

Фатима

Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып

О.Айзере

Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оранып

Алинур

Ән саламыз би билеп
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің жаңа жыл
Қандай қызық көңілді

Али

Мол сыйлықпен келер ол
Шырқатып ән салар ем
Жылдамырақ келсе екен
Бізге сыйлық берсе екен

Қасқыр: Аххх! Міне әжейдің үйі. Тықылдатады.

Әже: Бұл есікті кім қағып жатыр?

Құста емес, аңда емес

Менің немерем емеспе?

Қасқыр: Әрине бұл менмін.

Әже: Жіпті тартсаң есік жеңіл ашылады. Қалайсың немерем кіре ғой бәліштерді маған алып келдің бе?

Қасқыр: Жаңа жыл құтты болсын әже деп қолынан ұстайды.

Әже: Жаңа жыл құтты болсын немерем. Бұл сенсіңбе немерем? Бұл кімнің қолы?

Қасқыр: Бұл иттің жүнінен тоқылған қолғаптар өте жылы оны шешпеймін дейді.

Әже: Сенің құлағыңа не болған?

Қасқыр: Сұрақтар жеткілікті! Мен сені жеп қоямын!

Аяз ата: Аңғал қасқыр сен мына жерден шығып кет болмаса мен сені сыйқырлаймын дейді

Қасқыр: Қорқып шығып кетеді.

Ойын: Аяз атамен екі тобқа бөліп, Аққалаға қар жинау.

Әже: Қош келдің Аяз ата! Сәлем менің немерем!

Қызыл телпек қыз: Мен орманда адасып қалдым, Аяз ата көмектесіп жол көрсетті. Тікелей сіздің үйіңізге алып келді.

Би: Аққалла

О.Айзере, Гаухар, Ақерке, Айлин, Халила, Ақжібек, Нұрлы.

Жүргізуші: О, Алақай тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Жаңа жылда біріміз

Тақпақ айтамыз тамаша деп балалар тақпақтары

Мұслим

Даламызға қаламызға

Жаңа жыл кіріп келеді

Қартыңызға жалпыңызға

Жалынды сәлем береді

Айлин

Қыстың күні көңілді

Көп қызықты көреміз

Шығып алып далаға

Сырғанақты тебеміз

3.Медина

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр

Ата әже, Әке ана

Құтты болсын жаңа жыл

Ән: Аққала

Жүргізуші: Ән тыңдап, би биледік бүгін тойда

Қалады бүгінгі күн ойымызда

Той тойлап жаңа жылға қадам бастық

Жаңа жыл құтты болсын баршаңызға

Дей келе бүгінгі ертеңгілімізді аяқтаймыз

Барлық отбасыға бақыт,шаттық,береке мен мерекелік
көңіл күй тілейміз, Келесі кездескеше сау болыңыздар.!

Қатысқандар: Аяз ата

Ақшақар

Қызыл телпек қыз

Қасқыр

Әже

Жүргізуші мен балалар



Бекітемін
ЖШС «С.О.К.» «Дұмат» байланысты
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Сақтаныңыз, Тұмау
кеңес
«Еркедай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Сақтаныңыз, Тұмау!


Күз келіп, күн суыта бастады. Танертең суық, түсте жылы болатын құбылмалы күнде көп адамдар алдамшы ауа-райына алданып, жеңіл киініп, суық тигізіп жатады. Сонымен қатар, жылда мұндай мезгілде кішкентай балалардың тұмауы басталады. Басы ауырып, әлсіреп, тамаққа тәбеті шаппай, төсек тартып жатып қалу ешкімге ұнай қоймасы анық. Сондықтан ауырмай тұрып алдын алыңыз. Қажетті дәрумендер қабылдап, жатып қалмаудың әрекетін жасаңыз. Ол үшін төмендегі әдістерді қолданып көріңіз. Ең алдымен ұйқыңыз қанып, өзіңіз сергек жүріңіз. Себебі, ұйқының адам денсаулығына аналатын орны ерекше. Тәулігіне 7 сағаттан кем ұйықтамауға тырысыңыз. Демалыс күндері өзіңізге уақыт бөліп, «күйген дүние күйіп кетсе де» ұйықтап алыңыз. Бірақ ұйықтау керекекен деп, өзіңізді қинап ұйықтату үшін дәріге жүгірмеңіз. Олар иммунитетпен дос емес. Ұйықтай алмай жатсаңыз таза ауада серуендеп, жақсы нәрсе ойлап, миыңызды тынықтырыңыз. Көңіл-күйі көтеріңкі, жүзінде күлкі табы бар адамға ауру да, адамдар да кері әсерін тигізбейді. Егер сіз күйзелісте немесе көңіл-күйіңіз болмай жүрсе, суық тигізіп алу, тұмау жұқтыру ықтималдығы жоғары. Сонымен қатар адам жұмысбасты болып, күндіз-түні жұмысқа беріліп кетсе де тұмауды тез жұқтырады. Сондықтан тынығыңыз, бір-екі күнөзіңізге демалыс жариялаңыз. Өзіңізді аш қалдырмаңыз. Қыста организм суықтан қорғану үшін белгілі мөлшерде май жинайды. Егер сіз сол майлардан арылсаңыз, бірінші кезекте иммунитет зардап шегеді. Лимфоциттердің және макрофагтардың қабырғалары – біздің қорғаныш жасушаларымыз – липидтерден, яғни майдан тұрғандықтан, майсыз диеталар зиян. Маусымдық тұмау эпидемиясы кезінде азық-түліктердегі калория мөлшерін тіпті арттырып, дәрумен-минералды кешендерді алу қажет. Әсіресе селен және мырыш пайдалы. Бұл микроэлементтер иммунитетті нығайтады.

Есте сақтау қажет: қыста тағам құрамында ақуыз көп болу керек. Егер арықтағыңыз келсе, онда наурыз айының ортасынан бастап диета ұстаған жөн. Май жинау керек екен деп артық тамақ ішуге де болмайды. Майдың артық мөлшерде болуы иммунитетті төмендетіп жібереді. Ақуыздың көп мөлшерде болуы бүйрек пен асқазан-ішек жолдарына салмақ түсіреді. Қанттың көбеюі семіздікке әкеп соғады. Аса семіздік пен аса арықтық иммунитетке өте зиян. Денсаулығыңыз мықты болсын десеніз, қысы-жазы дене шынықтыруды тоқтатпаңыз. Салқын душ пен аяқты салқын не ыстық сумен жуу да озық пайдасын тигізеді. Танертең жүгіріңіз, көп қимылдаңыз. Десек те, суықпен қатты дос болмағаныңыз абзал. Маусымдық тұмау кезінде ауыр жаттығулар иммунитетті төмендетеді. Тазалықты сақтыңыз! Жеке бас гигиенасына аса мән беріңіз. Қолыңызды жиі жуыңыз. Сонымен бірге, сарымсақ пен пияздың да тұмаумен күресуге ерекше белсенді екенін есте сақтыңыз. Оларды күнделікті тамақ тізіміне қосыңыз.

Бекітемін:
ТОО С.О.К «Димаш»
Балабақша меңгерушісі
Ербатырова С.Д.

«Алтын-сақа» ертегісі

«Еркетай» ересек тобы



Гәрбиеші: Темирбаева.У.К.

2024 жыл

«Алтын-сақа» ертегісі

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Әлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмайды. Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді.



Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге:

- Ат басындай алтын берейін, қоя бер, - дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді.
- Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, - дейді. Кемпір көнбейді. Кемпірден сасып:
- Енді не берейін? - дейді бай. Кемпір:
- Жалғыз балаңды бер, жіберейін, - дейді. Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді. Кемпір байға:
- Балаңды қай жерде бересің? - дейді. Сонда бай:

- Ертең көшемін, сонда баламның алтын **сақасын** жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол **сақаның** жанында отырасың, - дейді. Сонымен бай жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетіп қалады. Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын **сақасын** ұмыттырып жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, **сақасы** жоқ, бала алтын **сақасын** жоқтап, жылайды.

Сонда әкесі:

- Кеше көшіп жүргенде жұртта қалыпты. Барып алып келе ғой, - дейді. Бала бармақшы болады да, әкесінен:

- Әке, қандай тайға мініп барайын? - деп сұрайды.

- Жылқышыдан сұрап мін, - дейді бай. Жылқышы балаға:

- Құрығыңды құлдыратып, жүгеніңді сылдыратып, жылқыға бар. Қай тай бетіңе қараса, соны мін, - дейді.

Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да, жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Жұртқа келсе, алтын **сақасы** ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен. Бала кемпірге:

- Шеше, анау жатқан **сақамды** алып берші! - дейді.

Сонда кемпір:

- Шырағым, өзің түсіп ал. Кәріліктен отырсам - тұра алмаймын, тұрсам - отыра алмаймын, - дейді.

Сонда бала:

- Мен жастықтан түссем - міне алмаймын, мінсем - түсе алмаймын, - дейді.

Сонда баланың тайы **сақаның** жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, **сақаны** іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бәйтеректің түбін кешке дейін қазады. Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

- Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, - дейді.

Кемпір жатады. Түлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді. Бір уақытта тағы да бір түлкі келіп:

- Шеше, кетпеніңді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, - дейді. Сонда жалмауыз кемпір: - Сен кетпенімді алып қашып кетесің, - дейді.

Сонда түлкі:

- Ол қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан бұл балада менің кегім бар, - дейді. Жалмауыз кемпір түлкінің сөзіне сеніп, тағы



да кетпенді түлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ, түлкі де жоқ. «Алда, ойбай-ай, алдаған екен ғой» деп, тағы да бір тісін суырып кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді. Сонда кемпір аузын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлатуға жақындайды. Бір заманда баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. бала қарғаға:

- Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, - дейді. Сонда қарғалар «қарқ-қарқ» етіп ұшып кетеді.



Бір мезгілде үйректер төбеден ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете береді. Бір мезгілде бір қарлығаш бәйтеректің төбесінен әрлі-берлі ұшып жүреді де, баланың төбесіне келіп қонады. Бала қарлығашқа жылап тұрып, бұған да тапсырады. Бұрын бала қыстауындағы ұя салған қарлығаштың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жібереді екен. Сондықтан бала қарлығашпен дос екен. Сонымен, қарлығаш баланың төбеттеріне тапсырғанын айтып барады. «Осындай пәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр, бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр», - дейді қарлығаш баланың төбеттеріне. Мұны естіген соң төбеттер шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те жерге құлайды. Баланың төбеттері, жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн-жүнін шығарып, талап тастайды. Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді.



Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесіне қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады. Бұдан былай неше күндер өткен соң, баяғы жалмауыз кемпірдің қызы құлаған бәйтеректің жанына келеді. Келсе, шешесінің жүн-жүні шығып, өліп қалғанын көреді. Кім өлтіргенін білу үшін сол жерде қарап жүрсе, иттердің ізі көрінеді. Мұнан соң қыз иттердің ізіне түсіп келе жатса, көп жылқыға кез болады. Енді ауыл жақын екенін біліп, ол жүріп келе жатады. Иттердің ізі тұп-тура байдың қотанына алып барады. Бұл кезде қотанға баяғы жалмауыз кемпірдің қызының келгенін біліп, бес төбет жалма-жан тұра үмтылады, қыз кемпірдей емес, өте-күшті екен, бес төбетке бой бермейді. Сол арада бала, шешесін іздеп келген қызды ұнатып екеуі мәңгі бақытты болып тұрады.



«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова



Не дәмді?

ертегісі

Тәрбиеші: Болатова Райхан

2024жыл

Не дәмді?

Жүргізуші: Ертегілер елінде құстар, хайуанаттар бас қосыпты,
қандай тамақтың дәмді екенін айтып таласты.

Ортаға қыт-қыт деп тауық шығады.

Тауық: Ең дәмді тамақ тары,

Білгенің жөн мұны.

Тары жесең қарның тоқ болады

Уайымың жоқ болады.



Жүргізуші: Тауық сөзі осылай бітті. Ендігі кезек итке жетті.

Ортаға афф-афф деп шығады.

Ит: Тауық досым, сенікі

Жәй, әшейін, бос сөз

Тары да тамақ бола ма?

Сөзіме менің құлақ тос.

Тамақтың ең тәттісі

Кеміріп жейтін сүйек.

Қарның тойған соң

Үй иесіне рахмет айту!!!!



Жүргізуші: Иттәң сөзі осылай бітті, сөз кезегі қоянға да жетті.

Қоян: Тауық пен итті тыңдасам,

Түсінбеймін ештеңе.

Бос сөз айтып кетеді

Ойлап көрші бәрің де

Күтірлетіп жеген

Сәбізге не жетеді?

Шөліңде қанады,

Тамағыңда тояды.

Тәтті дерсің нағыз

Тамақтың тәттісі сәбіз.



Жүргізуші: Қоянның сөзі осылай бітті, сөз кезегі аюға да жетті.

Аю: Пай пай достар тоқташы,

Ненің дәмді екенін

Мен айтайын тыңдашы

Тамақтың дәмдісі бал,

Қалауыңша бөшкеге сал.

Жайлап дәмін татасың

Тәтті ұйқыға батасың.



Жүргізуші: Аюдың сөзі осылай бітті, сөз кезегі мысыққа жетті.

Мысық: Мяу, мяу, мяу,

Оңға солға қарайын

Мен қазір бәріңе

Тәтті тамақты айтайын

Дүниеде бір ғана

Тәтті тамақ бар

Ол қою сүт.

Ыдыста қалдырмай,

Тіліңмен «былай-былай» жалап,

Түк қалдырмай жұт!!!!!!



Жүргізуші: Өз сүйетін тамағын
Бәрі айтып таласты.
Бір шешімге келе алмай,
Жөн жөніне тарасты.
Ал, балалар сұраққа біз не айтамыз?

Балалар: Арпа бидай ас екен
Алтын күміс тас екен
Ең дәмді тамақ
Анамыз пісірген ас екен.

Кейіпкерлер: Тауық	Медина
Ит	Ақерке
Қоян	Айзере
Мысық	Бибінұр
Аю	Али




Бекітетін
ЖШС «С.О.К.» Дампінг-бабелжайы
Менеджерісі:
С.Д. Ербатырова

**«Ойын арқылы балалардың ой-өрісін
жетілдіру
«Еркетай» ересек тобы**

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Ойын арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіру

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Ойынның шығу тарихына шөгу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден алызатын қарай алмаймыз, балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, шғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.



Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын – дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалшыққа, танқырлыққа үйрететін де ойын. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу қажет. Себебі, ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жазғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып, бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рөлді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындалып түседі.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзің қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез - қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Ойын - баланың көңілін көтеріп, бойын сергітіп жана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір - бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де, бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады.

Қорыта келе, ойын - мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын - балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты.

«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова

«Ана - аса қымбатты жан»

атты ертеңгілік **8-Наурыз**

Тәрбиеші: Болатова Р

2025ж

Тақырыбы: «Ана – аса қымбатты жан»

Максаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жанаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжетпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сахнаға балалар әуенмен кіреді. Колдарында әсем гүлдер

Жүргізуші: Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған не бір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Қымбатты да сүйікті аналар, әжелер. Бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 – наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерді мерекелік ертеңілігімізге тамашалауға шақырамыз.

Балалар, сендер білесіңдер ме бүгін қандай мереке екенін?

Балалар: Аналар мерекесі.

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар. Бүгін аналар, әжелер мерекесі. Кәне, балалар, қонақтарымызға тақпақ айтып берейік.

Тақпақтар.

Мәпелеп мені өсірген

Аялаған анашым

Ризамын мен өзіңе

Мәпелеген анашым

Ана деген керемет

Менің саған тілегім

Сыйлап өтем өмірде Мунира

Картаймашы анашым Гаухар

Теңдесі жоқ данасың

Бәріңізде анасын

Арқа сүйер панасың

Біз үшін күн боп жанасың

Еңбегіңді ақтаймын

Құтты болсын мейрамың

Картаймашы анашым Али

Құттықтаймын анашым Бибінұр

Құтты болсын ақ анам

Еркелесем күнім дейтін

Сегізінші наурызың

Ұрысканы білінбейтін

Қасымда бол әрқашан

Маңдайымнан иіскеп менің

Жансын жарық жұлдызың

Құлыншағым күнім дейтін Нұрлы

Тілейді бақыт бір саған

Әлпештеген ұл қызың Алинур

Жүргізуші: Жарайсындар балалар!

Ән: «Анашым ау Мамашым ау».

Жүргізуші: Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Балалар, тыңдандаршы бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты.

Музыкалық әуенмен залға көктем кіреді.

(Әуенмен Көктем кіреді)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Міне келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нөсерімен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүрді,

Жапырағын жасыл түске боятып.

Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер!

Жүргізуші: Сәлеметсізбе ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

Көктем: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Көктем: Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Күн мен түн теңеседі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Адамдар жылы киімін тастап, жеңіл киіне бастайды.

Көктем: Көктем мезгілінде неше ай бар? Атауларын кім айтып береді?

(наурыз, ақпан, мамыр)

Көктем: Көктем айында табиғат не істейді?

Балалар: Көктем айында табиғат оянады.

Көктем: Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер.

Жүргізуші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы.

Көрініс: Аналарымызға арналған көрініс 8 наурызға су тасушы қыз.

Исатай, Али, Муслим, Мұхаммед ұлдар

Ясина, Айлин, О.Айзере, Фатима қыздар

Көктем: Жарайсыңдар! Ойынды жақсы ойнап шықтыңдар.

Жүргізуші: Ару көктем біздің балалар ойынды ғана емес тақпақтыда жақсы айтады. Балалардың аналарына арнаған өлеңдерін қабыл ал.

Тақпақтар.

Ақ сүт берген балаңа

Күш жігерін жұмсаған

Бұл өмірде жан ана

Тең келеді кім саған Ақжібек

Еркелеттің асырады

Мойыныңа асыламын

Аман болшы ардақты анам

Мен әрқашан қасыңдамын Мұхаммед

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам Айшын

Наурыздың бүгін сегізі
Нұрын шашып келген күн
Шаттық бақыт сыйлайтын
Халықаралық мейрам бұл Нұрмұхамед

Мәпелейсің мені анам
Колындағы құсындай
Құлпыра өсіп дем адам
Құшағында қысылмай Ибрахим

Ардақты ана аяулы ана қымбаттым
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың
Өміріме нәрін бердің ак сүттің
Кең құшағың аясында гүл бақтың Ясина

Мен өзің мен қайда болсам да біргемін
Махабатың жүрегімде жүр менің
Күн нұрындай жалырай бір күлгенін
Қандай жақсы ортамызда жүргенің Муслим
Музыкалық әуенмен Сайқымазақ кіреді.

Жүргізуші: Сәлеметсізбе Сайқымазақ

Сайқымазақ: Жан - жағыма қарасам,
Қонақтар өте көп екен.

Ұлдар да көп, қыздар да көп

Апайларда мұңла көп

Мен сайқымазақпын,

Ақылыма көркім сай.

Ұнаймын жұрттың бәріне

Үлкенге де, кішіге.

Келіп қалдым мен бүгін,

Құттықтауға сіздерді.

Аналарды, қыздарды

Сүйікті әжелерді.:

Жүргізуші:Рахмет, саған Сайқымазақ!

Сайқымазақ: Мен билегенді жақсы көремін. Кім менімен билейді?

(Балаларды билету) «Ұлдардың биі»

Көктем: Бүгін қандай керемет күн. Аналар мен әжелер, қыздар мерекесі.

Жүргізуші: Ия көктем дұрыс айтасың. Біздің балалардың сізге арналған әні бар соны қабыл ал көктем.

Ән: «Құттықтаймын мама»

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Ал, енді біздің қыздарымыздың аналарымызға арналған биі бар.

Би «Қыздардың биі».

Ән: «Әжетайым»

Ойын: «Гүлдерді түстерімен құрастыру»

Шарты: Ортаға екі тобка бөліп гүлдің сабақтарын құрастырады. Ойын 3,4 рет қайталанады.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар. Ендігі әжелерімізге тақпақтар айтып берейік.

Менің әжем бұл әже

Айтқан сөзі дәл әже

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әже Азиз

Ақжаулықты әжемді

Ай жүзіне теңедім

Мейірімі таусылмас

Күн нұрына теңедім О.Айзере

Менің әжем гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана тіл әжем Исатай

Бесіктерін әнімен

Тербетуде аналар

Жасай берсін сәнімен

Жер бетінде аналар Акерке

Мен анамды сүйемін

Сөзін ойға түйемін

Анашымды ардақтап

Басымды оған иемін Фатима

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз З.Медина

Көктемнің телефоны шақырады.

Көктем: Ия, не сұрақ, жапырақтар шықпай жатыр ма, кірпілер оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып барамын. Міне, балалар менің басқа да жұмыстарым бар. Менің кетуім керек.

Жүргізуші: Рахмет саған көктем. Сау бол!

Көктем: Сау болындар!

Жүргізуші: Қымбатты да аяулы аналар мен әжелер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Әлемдегі ең сұлу, ең мейірімді, ең қамқор адам осы отырған

сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман

болайық!

Осымен 8 наурызға арналған «Ана – аса қымбатты жан» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.




Бекітемін
ЖШС «С.О.К.» «Дыман» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Қазақтың ұлттық ойындары

«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Қазақтың ұлттық ойындары



Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, шырқытырып, шынықтырады.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негігі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қар- жеттерінен бастау алады.

Ұлттық ойын – тәрбиенің бастауы.

«Аламан бөйге», «Алтыбұқан», «Арқан тарту», «Ақ сүйек», «Теңге алу», «Аударыспақ», «Қып қуу», «Жамбы ату»... Санай берсеңіз, қазақтың ұлттық ойындары осылай жалғасын береді. Біздің алға қойған мақсатымыз халқымызға ғана осынау ұлттық ойындарымызды тіліп шығу емес. Керісінше, ата-бабаларымыз бұдан сан ғасыр бұрын ойлап тауып, уақыт өте ұрпағын қалдырған ұлттық ойын түрлерінің маңызы мен мәнін саралап, дәл осы ойындарды жаңа ғасырда жанаша пайдалануды бұлжымас дәстүрге айналдырсақ деген ой-пікірді иісі қазақ бастықтардың есіне салсақ деген ниеттен туындап отыр.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, бағылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсыбір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды һәм білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «орнектеліп» те отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай,

бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықыласын оятып, дүниетанымын арттыра білген. Тіпті қайсыбір ойын арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, шынықтыруды мұрат еткен. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықстандыруды басты мақсат еткен. Мысалы, «Аламан бөйге», «Аударыспақ», «Арқан тарту» ойындары азаматты тәйімділікке үйретуге, ерік-жігерін игере білуге, білек күшін дамытуға бағытталған. Ұлттық ойындардың тағы бір ерекшелігі, әр

ойын жас ұрпақты саиқалы да салмақты, шебер әрі епті болуға баулиды. Өйткені әрбір адам өзінен өрбіген ұрпақтың ынжық, бойкүйез болып қалмай, жан-жақты, білікті де күшті болып осуын өмірдің мәңгі мәні ретінде қабылдаған.

- Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық және әлеуметтік мәні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мәдениетті болғанын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін дәлелдейді. Өкінішке қарай, қазіргі күні біз маңызы зор ұлттық ойындарымыздың тек бірен-саранын («Аламан бәйге», «Кокпар», «Алтыбақан») ғана игере алдық. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «Тоғызқұмалақ», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Хан дөйбисы» секілді түрлерін спартакнада, олимпиада ойындарына қысылмай-ақ қосуға болады. Мысалы, қазақтың ұлттық ойыны «Жамбы ату» бүгінгі күні олимпиада құрамындағы биатлоннан еш кем емес. Тек біздің Спорт және туризм министріміз дәл осы «Жамбы ату» тәрізді ұлттық ойымыздың мәні-мағынасын терең түсініп, оны шетелдіктерге жеткізе білсе болғаны. Өйтпесе, біздің қаншама ұлттық ойындарымыз әлемдік додада жарыстар өткізуге сұранып-ақ тұр. Ең бастысы, өзіміздің ұлттық төл ойындарымыздың беделін көтере білсек болғаны. Амал не? Бұл тұста әлі күнге қимылымыз шабын. Бізді бәрінен бұрып мәселенің осы жағы толғандырады. — дейді тарихшы-этнограф ғалым Бабақұмар Ғинаят.
- Жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша. Оның ішінде қазақтың ұлттық спорт түрлерінің қатарына жақында қосылған қазақтың «хан дөйбисы» ойынын атап өтуге болады. «Хан дөйбисы» — мемлекет тізгінін ұстаған хандардың, билердің арасында кең тараған ойын түрі. Хан, би секілді лауазымды билікте болған бабаларымыз өздері өмір сүрген кезеңде бұл ойынды тек ойын тұрғысынан емес, ел басқарудағы саяси құрал ретінде де пайдалана білген. Табылғанына көп уақыт болмаса да, «Хан дөйбисы» ойыны қазақы «мінезімен» біраз жанның жүрегін жаулап алды. Бір қуантарлығы, қазіргі уақытта ойынның осы түрін насихаттауға Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жастары атсалыса бастады. Үстіміздегі жылы «Азиада-2011» ойындары шеңберінде Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай қазақтың ұлттық ойыны «Хан дөйбисынан» тұңғыш рет турнир өткізілмекші. Бұл әрине, дүйім жұрт болып құнтайған бастама! Қазақ халқы ежелден жылқы малын айрықша қастерлей білген. Ал олардың сәй-гүліктерге деген ынта-ықыласы ат ойындарына сүйіспеншілікті арттыра түскені даусыз. Қазақтың ұлттық ойындарының ішінде ат ойындарының ерекшелігі мен маңызын айтып жеткізу тіпті де мүмкін емес. Бір таңданарлығы, ертеректе әр жігіт, тым болмағанда, ат сайыстарының бір түріне қатысып, жүзден жүйрік шығуды аңсаған. Халқымыздың жер тарпыған сәйгүліктерді жақсы көргені соншалық, оларға «тыл-көз тиеді» деп қорыққан. Сондықтан бәле-жаладан сақтану үшін бәйгеге қосатын тұшарларды ешкімге көрсетпей, үстіне жабу жауып, жануардың құйрық-жауын өріп, әр жеріне үкінін қауырсындары мен тіл-көзден сақтайтып тұмар таққан. Өлетте, шабандоздыққа 8-14 жас аралығындағы жасөспірім балаларды дайындаған. Тіпті қазақ қыздары да жорға жарыстарына қатысып, шабандоздықты өздеріне серік еткен. Сонда ежелден халқымыздың қанына сіңген, сонда ғасырлар қойнауынап жаңа заманға жеткен ұлттық ойындарымызды өзіміз түгендемесек, кім түгендейді? Тәрбиелік мәні зор.

ұлттық ойындарымызды бүтінгі ұрпақтың бойына негізден сіңіrmеске?! Ұрпақтың ұлт болып қалыптасуын ұмытпаған елдің ғана көсемесі көгеретінін ұмытпайық, ағайын! Ойын түрлері:

1. «Ақнамшық» (сакина салу) — қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны халық арасында «Сакина салу», «Сакина тастау» деп те айтады. Ойында он-он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сакина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде доңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізуші алақанындағы сакинаны кімге салса да өз еркі. Ол адамдардың барлығының алақанына сакина салған болып шығады да дауыстап: «Тұр сакинам, тұр» деп немесе «Ақнамшығымды бер!» деп дауыс-тайды. Сол сәт сакина тасталған адам «Сакина менде!» деп орнынан тез тұруы керек. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.
2. «Теңге алу». Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу — үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабандоздық тәжірибені қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып, қолындағы қылышымен жерде жатқан тесекті түйреп алып, көкке лақтырып жіберіп, оны жазыма-жан қылышымен екіге шауып түсіретін болған.
3. «Қыз қуу». Бұл — ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүйсі керек. Бұл — жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шаңқанда қыз жігіт пен оның атын қамшанын астына алады. Бұл — қыздың жеңгені. Қазір бұл ойынның ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстанда алғаш қыз қуу спорттық жарыс ретінде 1923 жылы өткізілді. Содан бері оқта-текте мерекелік бағдарламаларға енгізіліп келеді.
3. «Көкпар». Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі қазақ көк бөріні соғып алғанда, өлігін ат үстінде сүйреп, бірінен бірі ала қашып, өздерінше ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған. Көкпар — әсіресе, қазақтардың, Орта Азия халықтарының сүйікті ойыны. Бұл ойын — жаншай тартыс және дола тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Өдетте, көкпарда басы кесілген серке тартылады.
4. «Күміс ілу» (жүзік ілу). Бұл ойын ептілікті, атқа жақсы отыруды талап етеді. Келін түсіру, қыз ұзату салтанатында қалыңдық орамалға түйіп, өзінің күміс шошасын, әйтпесе жүзігін тастайды. Сондықтан да кей аймақта бұл ойынды «жүзік ілу» деп атайды. Қатты шауып келе жатқан шабандоз жігіт ат екіпінің бәсеңдетпеснен, алғи орамалды іліп алып кетуі керек. Сонда оған беташар айтуға рұқсат беріледі. Осылайша қазақ жігіттері өзінің ептілігі мен шеберлігін «Күміс алу» сайысында дәлелдей білген. Бір танданарлығы, Орта Азияға жорық кезінде Александр Македонскийді халқымыздан жүзік алу сайысы ерекше таңғалдырған екен. Тарихшылардың айтуынша, Күміс алу ойынын көрген Македонский: «Атты жауынгер үшін қажетті нығыз дайындық міне — осы!» деп таң-тамаша болыпты.
5. «Бәйге». Бұл жарыстың бірнеше түрі бар. Олар: аламан бәйге, тай жарыс, қуан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен, жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.
6. «Асық ойыны». Бұл — балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеінінен түзу сызық сызаты да, соны бойлай тігілген кеңейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасалы. Асық ойынының үш табан, бір табан, шығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-кейіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Хан талапай», «Төрт асық», «Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері де бар.

7. «Ақсүйек». Қыз-бозбалалар ойыны. Жазғы айлы түнде ойнаған. Әдетте, қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Ойында қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, оны көмбеге жеткізуі тиіс. Ал мұны қарсыластары біліп қойса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топ бұрын жеткізсе, сол топ жүлдегер атанады.





«Бекітемін»
ЖШС «С.О.Қ» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова



«Армысың Наурызым» атты ертенгілік

Тәрбиеші: Болатова Р

2025ж

«Армысың - Наурызым!»

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағұлмат беру, Балалардың елін, Отанын сүйюге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Тәрбиеші: Армысыңдар халайық

Бармысыңдар халайық

Наурыз тойына жұп жазбай

Жылды қарсы алайық

Мереке наурыз жыл басы

Наурыз тойы құтты болсын

Жауын жауып жер бетіне көк толсын!

Даламызға бұл жаңа жыл құт болсын!

Деп ересек тобтарының «Армысың Наурыз!» атты ертеңгілігін қарсы алыңыз. Ендігі кезекте ұл қыздарымыздың тақпақтарына кезек берейік.

Али, Ясина, З.Медина, Муслим

Наурыз келді жаңа жыл

Жасарды қайта жер мен гул

Шаттық толы бар өңір

Көңілдерде бар өмір Али

Наурыз келді жыр келді

Шаттық толы күн келді

Қуанышпен қарсы алайық

Жарқыраған нұр келді Ясина

Думан болсын әр үйде

Жайна далам сәнінде

Ақ дастархан жайылып

Бата берсін кәріңде З.Медина

Жеті түрлі дән қосып

Атам әзір көже етті

Берекелі болсын деп

Ұрпағына бата етті Муслим

Тәрбиеші: ендігі кезегіміз әсем әуенге берейік.

Ән: «Наурыз»

Тәрбиеші: Балалар бізге қонақ келе жатыр тыңдаңдарш.

Наурыз аруы: Армысыздар ардақты ата-аналар, құрметті ұстаздар! Сәлеметсіздерме, балалар!

Уа, жараңдар, жараңдар

Көңілің бар алаңдар
Ата менен анаң бар
Үлкен кіші ағаң бар
Наурыз тойы басталды,
Бәрің бері қараңдар!

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе Наурыз аруы төрлетіңіз балалардың өнерін тамашалаңыз. Ендігі сері жігіттеріміздің өнеріне кезек берейік.

Би: Бәйге тек ғана ұлдар

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балала! Ендігі тақпақтарға кезек
Фатима, Айлин, Мухаммед, Алинур

Наурыз тойы береке	Би биледік бәріміз
Наурыз тойы жыр аңыз	Егін өңін толқытқан
Қызып дулы мереке	Елдің көңілін шалқытқан
Қызық думан құрамыз Фатима	Бас иеміз Наурыз Айлин

Қош келіпсің Наурыз	Кел балалар ойнайық
Арман тойы халықтың	Наурыз тойын тойлайық
Қуанышы халықтың	Баянды боп мереке
Құтты болсын қадамың Мухаммед	Қыр гулін жинайық Алинур

Қыдыр ата: Армысыңдар ұрпақтарым! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, айналайындар. Ал, балалар, Наурыз келді, жаңа жыл келді. Қоян жылымен қоштасып, Жылан жылын қарсы алатын кез де келіп жетті. Жылан жылы халыққа жайлы болсын.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе Қыдыр ата қош келдіңіз балалардың өнерін тамашалаңыз. Ендігі тұсау кесу рәсіміне берейік.

Тұсау кесеу рәсімі:

Тұсауыңды кесейін
Ала жіпті шешейін
Құтты болсын талабың сенің
Бөбегім шын көңілмен

Тілегім бұл өмірде

Тұсалмасын қадамың сенің

Тәрбиеші: Келесі біздің ару қыздарымыздың мың бұралған биіне кезек.

Би: Дастархан тек ғана қыздар

Алдаркөсе: Мен Алдармын, Алдармын

Сақал түгел мүртта жоқ

Адамдарды алдадым

Тәрбиеші: Ой Алдаркөсе амансың ба кел балалармен ойын ойнайық.

Ойын: Арқан тартыс, Қыз қуу, күшсынасу.

Ән: «Наурыз»

Тәрбиеші: Қыдыр атадан бата алайық.

Қыдыр ата: Бата

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт түлік ақты болсын! Әмин!

Тәрбиеші: Осымен бүгінгі «Армысың Наурыз!» атты мерекемізді аяқтаймыз келесі Наурызға аман есен жетейік сау болыңыздар.



Бекітемін:
ЖШС «С.О.К.» «Димаш» бөбексапна
Менгерушісі:
С.Д. Ербатырова

Табиғатты аялайық
кеңес
«Еркетай» ересек тобы

Тәрбиеші: Темирбаева У.К.
Болатова Р.Б.

Табиғатты аялайық

Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Адам табиғатты қасиет тұтуы керек.

Табиғат тіршіліктің құт - берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті. Табиғатты қорғау, сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп-өніп, жетілген. Табиғат - ырыздықтың, ырыс пен мол қазынасының қайнар көзі, адам денсаулығының сенімді сақинасы. Қазіргі табиғаттың ластануы үлкен - мәселе. Бұл барлық дүние жүзінде қарастырылуда.

Табиғат-сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет.

"Бір тал кессен, он тал ек", "Жер құтты болса, мал сүтті болады" - демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Егер осы мәселе қарамай қала берсе төңірек ластанып кетеді. Мен өзімнің туған өлкеме қарағай, шырша, терек т.б. ағаш түрлерін ексе екен, - деймін. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін табиғатты ластанмай қорғауымыз керек.

«Бекітемін»
ЖШС «С.О.К» «Димаш» бөбекжайы
Менгерушісі:
С.Д.Ербатырова

**«7- Мамыр Отан қорғаушылар
мерекесі»** атты ергенгілік

Тәрбиеші: Болатова Р

2025ж

7 Мамыр Отан қорғаушылар күні

Балабақшада Отан қорғаушылар күніне арналған ашық сабақ өткізу – бұл кішкентай бүлдіршіндердің патриоттық сезімдерін оятуға және олардың қоғамдағы және отбасындағы қорғаныс қызметтерінің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі. Мұндай сабақты қызықты және түсінікті түрде ұйымдастыру үшін ойын элементтерін, визуалды материалдарды және интерактивті әрекеттерді пайдаланған жөн.

Ашық сабақтың жоспары:

Кіріспе бөлімі

«Отан» және «қорғаныс» ұғымдары туралы қарапайым түсініктермен таныстыру.

Қазақстан картасын көрсете отырып, біздің еліміздің қаншалықты үлкен екенін түсіндіру.

Ойындар мен әрекеттер

Қолөнер шеберханасы: Балалар қағаздан жүрек жасап, оған «Мен Отанымды сүйемін» деп жазады. Бұл жүректерді балабақшаның қабырғасына ілу арқылы «Патриоттық қабырға» жасау.

Рөлдік ойын: «Біздің отбасымыздың батырлары» ойынын ұйымдастыру, мұнда әр бала өз отбасының батырлық істері туралы қысқаша әңгімелейді.

Ән айту: Патриоттық әндерді бірге айту. Мысалы, «Менің Қазақстаным» сияқты балаларға арналған әндерді таңдауға болады.

Интерактивті әрекеттер

Қорғаныс күштерінің рөлін түсіндіру: Балаларға әскери киімдердің макеттерін көрсету және олардың маңызы туралы түсіндіру. Мысалы, неге солдаттар камуфляж киеді?

Видео көрсетілім: Балаларға қауіпсіздік ережелерін үйрететін қысқа мультфильмдер көрсету.

Қорытынды бөлім

Балалардың күні бойы алған әсерлері туралы әңгімелесу.

Отанымыздың қорғаушыларына алғыс білдіру үшін суреттер салу немесе хат жазу.

Қосымша идеялар:

Балалардың ата-аналарын тарту, олардың өміріндегі патриоттық сәттермен бөлісуін сұрау.

Балабақша аумағында «Отан қорғаушылар күні» тақырыбында көрме ұйымдастыру.

Мұндай сабақ кішкентай балалардың бойында патриоттық сезімдерді қалыптастырады және олардың қоршаған әлемге деген құрметін арттырады

